

Механикалық көлік құралдары мен оларға тіркемелерді мерзімді мемлекеттік техникалық байқау туралы

Күшін жойған

Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 263 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу N 4263. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі N 217 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 02.04.2013 N 217 (алғаш жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Заңының 5-1-бабы 1-тармағының 28) тармақшасы мен 10-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы "Жол жүрісі қауіпсіздігі" Заңының 19-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланатын және белгіленген тәртіппен (бұдан әрі - көлік құралдары) тіркелген механикалық көлік құралдары мен оларға тіркемелерді, мопед, трактор мен өздігінен жүретін машиналардан басқа, мерзімді мемлекеттік техникалық байқауды (бұдан әрі - байқау) жүргізу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының ІІМ) Жол полициясы комитеті қамтамасыз етсін.

Мыналар бақылаудың негізгі міндеттері болып белгіленсін:

1) жол жүрісіне қатысатын көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен жабдықтары Жол жүрісі ережелеріне, стандарттарға және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкестілігін бағалау;

2) көлік құралдарының санын, олардың тиесілігін және өзге де тіркеу құжаттарын нақтылау;

3) қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 747 қаулысымен бекітілген әскери-көліктік міндеттер туралы тәртіпке сәйкес, жергілікті органдардағы әскери басқарманың өкілдерінің қатысуымен көлік құралдары мерзіміне байланысты.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

2-1. Жеке және заңды тұлғалардың көлік құралдарын байқаудан өткізу жол полициясының тексеру пункттерінде мынадай кезеңде:

- шыққан жылын қосқанда жасы 7 жылдан асқан көлік құралын - әрбір 12 ай сайын ;

шыққан жылын қосқанда жасы 3 жылдан 7 жылға дейінгі көлік құралын - әрбір 24 ай сайын ;

шыққан жылын қосқанда жасы 3 жылға дейінгі көлік құралын - әрбір 36 ай сайын жүргізледі .

Бұл ретте автобустар, микроавтобустар мен такси, және де адам тасуға арнап жабдықталған жүк автомобилдері меншік түріне және шыққан жылына қарамастан мемлекеттік техникалық байқаудан әрбір 6 ай сайын өткізіледі.

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

3. Көлік құралдарын байқау олардың тұрақты немесе уақытша тіркелген жері бойынша механикалық көлік құралдары мен оларға тіркемелерді техникалық байқау туралы куәлік беру үшін мемлекеттік баж төлегенін растайтын құжатты және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жыл үшін көлік құралдары салығын төлегенін растайтын құжаттар немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттар ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Белгіленген мерзімде байқауға ұсынылмаған көлік құралдары одан әрі жол қозғалысына жіберілмейді деп танылады.

Жеке тұлғалардың көлік құралдарын байқаудың қорытындысы бойынша агрегаттың нақты нөмірлері көрсетіліп, олардың тіркелген құжаттарда көрсетілген деректерімен сәйкестігін растай отырып, біржолғы байқаудан өткендігі туралы 2 дана акті (1-қосымша) жасалады, бір данасы қалалардың (аудандардың) қорғаныс ісі басқармаларына (бөлімдеріне) жіберіледі.

Қазақстан Республикасы аумағына жаңадан әкелінген көлік құралдарын алғашқы рет тіркеу, сондай-ақ белгіленген тәртіппен қайта жабдықталған көлік құралдары жол полициясының тіркеу бөлімшелерінде байқаудан өткізуі тиіс.

Заңды тұлғалардың көлік құралдарын байқаудың қорытындысы екі данада көлік құралдарын техникалық байқаудың құрама актісімен (2-қосымша) және біржолғы байқаудан өткендігі туралы акті ресімделеді, бір данасы қалалардың (аудандардың) қорғаныс ісі басқармаларына (бөлімдеріне), ал екінші данасы - Жол полициясына жіберіледі. Актінің көшірмесі көлік құралының иесіне - заңды тұлғаға беріледі. Деректер Жол полициясының көлік құралдары туралы деректер базасына енгізіледі және "Технадзор" автоматтандырылған іздеу жүйесінде есепке алынуы тиіс .

Байқау қорытындысы бойынша барлық көлік құралдары жөніндегі мәліметтер Жол полициясының көлік құралдары туралы деректер базасына енгізіліп, сонымен бірге қалалардың (облыстардың) қорғаныс ісі басқармаларына (бөлімдеріне) жіберіледі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2007.02.26 N 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз), 2009.12.20 N 483 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрықтарымен .

4. Байқаудан өткен автокөлік құралдарына Жол полициясы байқаудан өткені туралы куәлік және талон, байқаудан өткен күні (3-қосымша) беріледі. Куәлік Жол полициясы уәкілетті өкілінің қолымен және оның жеке мөртаңбасымен ("Қаралды") куәландырылады. Көлік құралдарының техникалық байқаудан өткені туралы куәліктер мен талондар бланкісінің есебі журналында (4-қосымша) тіркеледі.

Белгіленген мерзімде көлік құралдарын байқау жүргізетін орынға өз күшімен жеткізуге мүмкіндігі болмағанда (меңгере алмауына байланысты және т.б.), иесі Жол полициясына тиісті белгілер қою және есепке алуды жүргізу үшін жазбаша өтініші мен көлік құралдарын тіркеу туралы куәлікті ұсынуға міндетті.

Ұзақ уақытқа қойылған көлік құралдарының иесі - заңды тұлға осы көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетілген актіні ұсынғаннан кейін, байқау жүргізіледі.

Тіркемелерді және жартылай тіркемелерді байқау автопоезд құрамында жүргізіледі.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бастықтары:

1) Осы бұйрықты Жол полициясы жеке құрамының зерделеуін және оларды орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

2) Қалалық, аудандық ІІО жол полициясы бөлімшелерінің байқау пункттерін ұйымдастырсын.

3) Көлік құралдары иелерін (заңды және жеке тұлғаларды) осы Ереженің талаптары туралы ақпараттандыру жөнінде іс-шаралар жүргізсін.

4) Осы Ережеде көзделген қызметтік құжаттандырудың бланкілерін, Жол полициясы байқаудан өткені туралы куәліктері мен талондарын дайындау және олармен Жол полициясы бөлімшелерін қамтамасыз етсін.

5) Жол полициясы бөлімшелерінде көлік құралдарының саны және олардың жыл сайын мемлекеттік мерзімді байқаудан өтуі туралы мәліметтерді "Технадзор" автоматтандырылған ақпараттық-іздістіру жүйесінің жұмыс істеуін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

ІІМ-нің 2003 жылғы 16 қаңтардағы N 22 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2137 болып тіркелген) талаптарына сәйкес компьютерлік есепке алуды және талдауды енгізуді қамтамасыз етсін.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

6. Осы бұйрықтың 5 қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтары күшін жойды деп танылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы комитетіне жүктелсін.

8. Жол полициясы комитеті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

9. Осы бұйрық ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрінің міндетін атқарушы

2006 жылғы 16 маусым

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2006 жылғы 8 маусымдағы

N 263 бұйрығына 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

**Көлік құралының мемлекеттік техникалық
байқаудан өтуі туралы**

АКТ

200__ жылғы " __ " _____ жасалды. Толтырылған жері _____

Көлік құралының иесі _____

МНТ белгісі _____ Маркасы, үлгісі _____

Шыққан жылы _____ Санаты _____

Қозғатқыш N _____ Шасси _____

Шанақ _____ Түсі _____

Қозғатқыш көлемі (см. куб) _____

Рұқсат берілген ең ауыр салмақ, (кг) _____

Жүктемесіз салмағы (кг) _____

АКҚ мақсаты __ арнаулы, мамандандырылған (керектісін сыз)

N	ТҚ-ның үлгісі	Моделі	Мемлекеттік нөмірлік белгісі	Шыққан жылы	N ҚҚТК	Қозғатқыш	Шанақ	Шасси	ТБ-ден өткендігі туралы қорытынды	туралы талонның нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

_____ бірлік көлік құралдары техникалық байқаудан өтті
(с а н ы)

_____ көлік құралдары техникалық байқаудан өтпеді,
(с а н ы)

оның ішінде мынадай себептермен:

ағымдағы жөндеудің немесе оны күтудің салдарынан _____ бірлік;
(с а н ы)

күрделі жөндеуге байланысты _____ бірлік;
(с а н ы)

кайта жабдықтауға байланысты _____ бірлік;
(с а н ы)

консервацияда болуына байланысты _____ бірлік;
(с а н ы)

байқауды өткізу талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты _____ бірлік.
(с а н ы)

2. _____ көлік құралдары техникалық байқауға ұсынылған жоқ.
(саны)

N p/c	Көлік құралының түрі	Моделі	Мемлекеттік нөмірлік белгісі	Техникалық байқауға ұсынбау себептері
1	2	3	4	5

Кәсіпорынның басшысы _____

—
(қ о л ы , а т ы - ж ө н і)

Бухгалтер (немесе есеп жүргізетін тұлға) _____
(қ о л ы , а т ы - ж ө н і)

Жол полициясының қызметкері _____ М.О.
(қ о л ы , а т ы - ж ө н і)

Саны _____ бірлік байқаудан өткендігі туралы куәліктерді
кәсіпорынның өкілі алды _____
(қолы) (аты-жөні)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің

2006 жылғы 8 маусымдағы

№ 263 бұйрығына 3-қосымша

Көлік құралдарының мемлекеттік мерзімдік байқаудан өткені туралы куәліктің үлгісі

көлік құралдарының мемлекеттік байқау өткені
ж ө н і н д е г і
К У Ә Л І Г І

Иесі _____

Маркасы (үлгісі) _____

Мем. нөмірі _____ Шыққан жылы _____

Көтеретін жүгі (тн) _____ Жолаушылар орнының саны _____

Қ о з ғ а л т қ ы ш _____ к ө л е м і _____

KZ _____ Z N 000000_

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

**Иесі мен мемлекеттік тіркеу н ө мірі
белгісінің өзгеруі**

Иесі _____ мем. нөмірі _____
MO _____

к ү н і _____ қ о л ы _____

Иесі _____ мем. нөмірі _____
MO _____

к ү н і _____ қ о л ы _____

мемлекеттік байқауды көрсетілген айда өту керек

Берілген уақыты	КҚТК N	Мөртаңба	Қолы

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2006 жылғы 8 маусымдағы

№ 263 бұйрығына 4-қосымша

Ескерту: 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 26 ақпандағы № 83 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

Көлік құралдарын мемлекеттік техникалық байқаудан өткені туралы куәліктердің және талондардың беруін және сақталуын тіркеу журналы

Куәліктер алында	N-денN-дейін	Берілді (N-ден N-дейін)	Ескерту
------------------	--------------	-------------------------	---------

		Алушының лауазымы, аты-жөні	Алғаны туралы қолы			Алушының лауазымы, аты-жөні	Алғаны туралы қолы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2006 жылғы 8 маусымдағы

N 263 бұйрығына 5-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күшін
жойған кейбір бұйрықтарының
тізімі**

1. "Қазақстан Республикасында автотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 990 болып тіркелген.

2. "Автотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 571 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 1349 болып тіркелген.

3. "Автотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 12 қарашадағы N 787 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 1699 болып тіркелген.

4. "Автотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 775 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 2092 болып тіркелген.

5. "Автотокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587

бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 722 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 2651 болып тіркелген.

6. "Автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 528 бұйрығы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 3138 болып тіркелген.

7. "Жол полициясының қызметін жетілдіру жөніндегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 Бұйрығының 1-тармағы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 3582 болып тіркелген.

8. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 Бұйрығының 1-тармағы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 3893 болып тіркелген.

9. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 23 қарашадағы N 651 Бұйрығының 1-тармағы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 3974 болып тіркелген.

10. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің "Қазақстан Республикасында автоматокөлік құралдары мен оларға тіркемелерді мемлекеттік техникалық байқауды жүргізудің тәртібін бекіту туралы" 1999 жылғы 22 қарашадағы N 587 және "Қазақстан Республикасында көлік құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеуден өткізу ережелерін бекіту туралы" 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 16 ақпандағы N 78 Бұйрығының 1-тармағы, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 4115 болып тіркелген.